



# Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ

және  
Қазақстанның  
шығыстану ғылымы мен  
рухани жаңғыру  
мәселелері

عقاربى الإقانى لما قدم  
سام بارك الله فيه سنة سبع  
تشرفت فى دمشق محرو  
الك بن مرآأده الله تعا  
ذكورة



*Кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты  
Ғылыми кеңесінің шешімімен басуға ұсынылған*

**Редакциялық алқа:**

*Ғалымқайыр Мұтанов (ҚР ҰҒА-ның академигі), Ерлан Сыдықов (ҚР ҰҒА-ның академигі),  
Уәлихан Қалижанов (ҚР ҰҒА-ның академигі), Ғалымжан Дүйсен (экономика ғылымдарының  
докторы), Лаура Ерекешова (тарих ғылымдарының докторы, профессор), Әшірбек Муминов  
(тарих ғылымдарының докторы, профессор), Баян Жұбатова (филология ғылымдарының докторы,  
профессор), Заур Джалилов (тарих ғылымдарының докторы), Рисалат Каримова (тарих  
ғылымдарының докторы), Мұхитдин Салқынбаев (филология ғылымдарының кандидаты, доцент)*

**Құрастырушылар:**

профессор **Б. Жұбатова**, профессор **Л. Ерекешова**, PhD **Б. Батырхан**

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Г.Е. Нәдірова**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ш.Т. Керім**

**Әбсаттар қажы Дербісәлі** және Қазақстанның шығыстану ғылымы мен рухани жаңғыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Құраст.: **Б. Жұбатова**, **Л. Ерекешова**, **Б. Батырхан**. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 518 б. + 40 жапсырма бет.

**ISBN 978-601-04-2762-4**

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, профессор **Әбсаттар Дербісәлінің** қолыңыздағы еңбегі «Ғасырлардан жеткен құнды мұралар», «Руханият сардары» және «Ғылымға арналған ғұмыр» атты үш тараудан тұрады. Біріншісінде халқымыздың ежелгі жазба мұралары, руханияттың өзекті мәселелеріне арналған тың да соны дүниелері, келесісінде Қазақстанның 13 жыл Бас мүфтиі, Орталық Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы болған абзал азамат туралы отандық және шетелдік ғалымдар: академиктер мен профессорлар, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің пікірлері мен ойлары, ал соңғы тарауда өмірін ғылымға арнап келе жатқан нар тұлға жайлы түрлі сала өкілдері: қаламгерлер мен дипломаттар хәм сыртқы жұрттық та ойпаздардың отандасымыз туралы ойлары өрнектелген.

Кітапқа, сондай-ақ, **Әбсаттар қажы Дербісәлінің** көптен білетін үзенгілес достары, әріптестері мен қызметтестері, ұстазынан дәріс алған шәкірттерінің жылы, ризашылыққа толы, шуақты ой-пікірлері енген. Олар **Әбсаттар қажы Дербісәлінің** шығыстану ғылымы мен руханиятқа, еліне сіңірген еңбегін, тұлғалық қасиеті мен рухани болмысының ерекшеліктерін және кісілік келбетін шынайы баяндауға тырысқан.

Кітап қалың оқырманға, ұстаздар мен студенттер, магистрлер мен PhD, ғылым іздеушілерге, отандық шығыстану тарихы қызықтыратындар мен руханият саласы өкілдеріне арналған.

ISBN 978-601-04-2762-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

### III тарау. ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

|   |     |
|---|-----|
| Дархан Мыңбай. Өнеге көрсетер өлшемі бар .....  | 345 |
| Зарема Шаукенова, Наталья Сейтахметова. Свет ученого .....  | 347 |
| Ерлан Сыдықов. Әбсаттар Дербісәлі феномені.....   | 350 |
| Оразәлі Сәбденов. Ауылдан шыққан сом тұлға! .....   | 354 |
| Тынысбек Кәліменов. Ғылым жүйесімен сендіру.....  | 355 |
| Әзімхан Сатыбалдин. Азамат! .....   | 356 |
| Бүркітбай Аяған. Еліміздің біртуар перзенті.....  | 358 |
| Токо Фудзимото ( <i>Жапония</i> ). Еңбектерінің мәні зор.....   | 360 |
| Әбдімәлік Нысанбаев. Құнды еңбек .....  | 361 |
| Өмірәлі Жалайри. Ғылымның дара қыраны .....   | 365 |
| Жоқ іздеген жан.....  | 372 |
| Қуат Баймырзаев. Шығыстану ғылымының шынары .....   | 390 |
| Өмірхан Әбдимаңұлы. Ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым .....  | 393 |
| Мила Милтон ( <i>Франция</i> ). Әлемнің даңқты ғалымдары қатарында .....                                    | 403 |
| Том Стейси ( <i>Лондон, Ұлыбритания</i> ). Қуаныш сыйлап жүретін жан.....                                   | 405 |
| Басил Мұстафа ( <i>Лондон, Ұлыбритания</i> ). Әдебиет пен мәдениет және руханияттың үлкен зерттеушісі ..... | 406 |
| Сидхард Саксена ( <i>Лондон, Ұлыбритания</i> ). Ислам – біріктіретін рухани күш.....                        | 408 |
| Баян Жұбатова. Бабалар аманатын арқалаған ғалым .....   | 410 |
| Гүлзия Пірәлі. Ә. Дербісәлі зерттеулеріндегі көне мәтіндерді герменевтикалық талдау ерекшеліктері .....     | 415 |
| Серікқазы Қорабай. Дара жол.....  | 424 |
| Бақытжан Сатершинов. Әбсаттар қажы Дербісәлінің кісілік келбеті .....                                       | 427 |
| Мұхитдин Салқынбаев. Қазақстан шығыстану ғылымының темірқазығы.....   | 431 |
| Ахмет Аяз. Ұстаздардың ұстазы .....   | 437 |
| Арман Жұмаділ. Ғибрат пен сауапқа жетелеген ғұмыр .....   | 440 |
| Бақыт Арыстан. Үлкен ғалым ұстазым және қоғам қайраткері .....  | 446 |
| Жұмабек Кенжалин. Білімпаз.....   | 448 |
| Қаһар Сейтжанов. Ілім мен діннің шыңындағы асқар тұлға .....  | 451 |
| Мира Балтымова. Ілімі – шығыстану, тәлімі – ізгілік.....  | 456 |
| Ықтияр Палторе. Ұстаз салған жолменен... ..   | 461 |
| Жәнібек Нәлібаев. Қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, шығыстанушы-ғалым .....                                 | 465 |
| Баянғали Әлімжанов. Сан ғасырдың сәулесі .....  | 469 |
| Қайрат Жолдыбайұлы. Дипломатия.....   | 471 |
| Жолдасбек Мәмбетов. Біздің Әбсаттар ағай.....   | 476 |
| Болатбек Батырхан. Шығыстану шамшырағы .....  | 480 |
| Назира Дүйсембаева. Өнегелі тұлға.....  | 483 |
| Райхан Райбаева. Биік жұлдыз .....  | 489 |
| Абсаттар Дербисали: «Утро независимости мы встречали с гордостью» ( <i>Беседовала Сая Загипова</i> ) .....  | 491 |
| В поисках духовного богатства ( <i>Беседовала Сая Загипова</i> ).....                                       | 497 |
| Настоящее имя в науке ( <i>Беседовала Сая Загипова</i> ).....   | 500 |
| Қазақстанның болашақ тәуелсіздігіне қызмет еткен ( <i>Сұхбаттасқан Г. Айтжанбай</i> ) ..                    | 503 |
| Еркин Байдаров. Резюме.....   | 512 |
| Erkin Baidarov. Summary .....   | 514 |
| Әбсаттар Дербісәлі .....  | 516 |

**БАҚЫТЖАН САТЕРШИНОВ,**

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, доцент*

**ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІНІҢ КІСІЛІК КЕЛБЕТІ**

Бүгінгі ақпарат ағымының тасқындаған заманында әркімнің де әлеуметтік желілерге жабысып отыратыны белгілі. Фейсбук парақшасын ақтара отырып, ондағы қадірлі әдебиетші ғалым Айгүл Ісімақованың мына бір жолдарына көзім түсті: «Профессор Әбсаттар Дербісәлі әлемнің даңқты ғалымдары тізіміне кіргізілді». Тақырыпты тарқатып оқыдым, онда былай деп жазылыпты: «Құрметті Әбсаттар қажы! Биік мансабыңыз бен жемісті кәсіби және қоғамдық қызметіңіз Сізге тек өз еліңізде ғана емес, сондай-ақ шетелдерде де әлемдік ғылыми ортадан құрметті орын алуыңызды қамтамасыз етті. Сократ атындағы номинациялық комитет Сізді ғылым және білім саласы бойынша «Ғылымдағы есім» (The Name in Science) құрмет сыйлығымен марапаттауға лайықты деп тапты. Бұл құрметті атақпен қоса, «Әлемдік ғылымға қосқан үлесіңіз үшін» берілетін арнайы диплом Сіздің әлемдік ғылыми ортадағы беделіңізді одан сайын асқақтата түсетініне сенімдіміз». Бұл 16 мемлекеттен құралған Академиялық Одақ, Еуропа Бизнес Ассамблеясы (ЕВА), қоғамдық беделді ұйымдар, ғылыми кәсіби және шығармашылық одақтардың қатысуымен Францияның Канн қаласында орналасқан халықаралық Сократ комитетінің шешімі екен.

Қазақ ғалымының қайраткерлігі халықаралық алаңда бағаланғанына іштей қуандым. Есімі елімізге кеңінен мәлім көрнекті ғалым, шығыстанушы-арабист, белгілі қоғам және дін қайраткері, ҚР ҰҒА құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар Дербісәлімен жұмыс барысында жиі жолығып тұрамыз.

Осы хабарды естіген соң, ертесіне абзал ағамызды аталмыш марапатымен құттықтадым. «Таза адамдарда барлығы да таза» деген француз жазушысы Ромен Ролланның сөзі қалған. Үнемі үсті-басы мұнтаздай таза, жинақы жүретін, тың әрі епті қозғалатын Әбсаттар аға жадыраңқы жүзбен күлімдеп, ризашылығын білдіріп жатты. Бойы мен ойынан зиялылық пен зияткерліктің лебі сезіліп тұратын бұл кісінің жақында жетпіске толатынын ойлап, оның кісілік келбетін көз алдымда тағы бір елестетіп, сананың саралауынан өткізуге тырыстым.

Иә, әңгіме атақ пен даңқтан шығып отыр ғой. Халықаралық даңқты ғалымдар қатарына енген шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлінің қазақ арасындағы атағы 1970-ші жылдардан бастап шыға бастаған. Сол бір кеңестік кезеңдегі атеизмнің дәуірлеп тұрған тұсында көзі қарақты оқырман «Білім және еңбек», «Жұлдыз», «Жалын» журналдарына басылған арабтың Мағриб әдебиеті, Әбу Насыр әл-Фараби туралы жазылған мақалаларды тұшына оқыған сыңайлы. Одан кейін 1980-жылдары Ә. Дербісәлінің «Араб әдебиеті. Классикалық дәуір» (Алматы, 1982), «Шыңырау бұлақтар» (Алматы, 1982), «Мың бір түн елінде» (Алматы, 1986) атты кітаптарының жариялануы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік

университетінде араб филологиясы кафедрасы мен шығыстану факультетінде мұрындық болуы оның абыройын асқақтата түскен. Менің бала күндерім сәйкес келетін бұл уақытта ауылдағы үлкен кісілердің, олардың арасында ер жасымда Әбекеңнің әрекетіне ырзашылық танытып отыратынын көзім көрген. Менің ойымша, бұл сол заманғы коммунистік идеологияның қысымының салдарынан жапа шеккен араб тілі мен әдебиетіне, шығыс қоғамдарының тарихы мен мәдениетіне, ұлттық руханият пен дінге деген шөліркеуден туған ризашылық сияқты көрінеді.

1990-жылдары «Ежелгі араб елінде» (Алматы, 1992), «Қазақ даласының жергіздіктері» (Алматы, 1995) кітаптарының жарыққа шығуы, қазақ топырағында туып-өскен ортағасырлық ғұламалар туралы мақалалар сериясының жарыққа шығуы халықтың көңілінен шықты. Әсіресе, әлемге «Екінші ұстаз» атымен таныма болған даңқты бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби мен «Әзірет сұлтан» есімімен халықтың жүрегінен орын алған Қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасын зерделеуі, қазақ жоғары білімінің қара шаңырағына әл-Фарабидің есімін беріп атсалысуы, ақырында Сирия астанасы Дамашық қаласындағы ұлы баба зиратына туған жердің топырағын апаруы ел арасына аңыз болып тарады десек, артық айтпағандаймыз.

Әбсаттар аға Дербісәлі кейінірек өзінің сан-салалы қызметінде – ағартушылық, ғылыми, ұйымдастырушылық, діни, дипломатиялық қызметтерінде – аман болмасын, халқын шын сүйген перзенті ретінде осы бағыттағы жұмысынан айныған емес. Шетелдік іссапарлар барысында мұражайлар мен мұрағаттардан сирек қолжазбалармен көз майын тауыса жұмыс істеудің нәтижесінде ортағасырлық араб-парсы-түркі өркениетіне өзіндік үлес қосқан 250-ден астам тұлға ойшылдарының аттарын әйгілі етті. Бұлар Арыскент, Баласағұн, Жезқазған, Жамбыл, Йасы, Қарнак, Кердері, Отырар, Тараз, Түркістан, Сайрам, Сығнақ тәрізді ежелгі заманғы қалаларда білім мен тәрбие алып, ортағасырлық араб халифаты мен әйгілі мұсылман мемлекеттерінің өркениетінде өзіндік із қалдырған ғұлама ғалымдар, факиһ-имамдар болатын. Бергісі Түркиядағы кітапханалар мен қолжазбалармен айналып айтпағанда, сонау Марокко мен Испания тәрізді Мағриб, Еуропа елдерінде әдігерліктерді жинаған профессор Ә. Дербісәлі тынымсыз ізденісінің нәтижесінде соңғы бес-алты жыл ішінде қазақ халқын Хұсам ад-дин ас-Сығнақи, Ғабдулқадир ат-Тарази, Қауам ад-дин әл-Иқани тәрізді және т.б. тарихи саңлақтармен таныстырып, кітаптарын бастырып шығарды.

Әбсаттар қажы Дербісәлінің шетелдік іссапарларының терең ғылыми маңызы тік сипатымен қатар, ұлы бабалардың ұмыт болған қабірін тауып, арнайы қабірге Құран бағыштап, кейінгі ұрпаққа аманаттап табыстап кеткен азаматтық қасиеті де үлкен тәрбиелік мәні бар. XVI ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет қайраткері, ойшыл әрі тарихшы, ақын әрі дарынды қолбасшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) рухани мұрасын зерделеуге, тәуелсіз Қазақстанның дулатитану ғылымын өркендетуге шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлінің өзіндік үлес қосты. Ол Үндістанға, Кашмирге арнайы ғылыми сапармен барып, бабамыздың қабірін тапты және ол туралы алғаш рет өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық жазды, кейінірек оның «Тарих-и Рашиди» еңбегіне жинақталып атсалысты.

Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі осындай ортағасырлық ойшылдардың мұрасын зерделей жүріп, өзі де оларға тән энциклопедизмді бойына сіңірген. Оның ғалымдығы мен тақуалығы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти ретіндегі діни қызметті абыроймен атқаруға үлкен септігін тигізбесе, еш кедергі болған жоқ. Азаматтық қоғам құруды бағдар тұтқан зайырлы, құқықтық мемлекет ретіндегі Қазақстандағы діннің рөлін Мұфти хазірет жақсы түсіне білді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұстанымын ол былай деп айқын түсіндірді: «Біздің қоғамның конфессиялық кеңістігіндегі 70 пайыздық үлес мұсылмандарға тиесілі. Демек, Ислам Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және қоғамдық-саяси өмірінде жетекші орын алады. Дегенмен, конфессионалдық әртектілікті үнемі ескеру қажет. Ар-ождан бостандығы мен дін ұстану еркіндігі, өзге дін өкілдеріне деген төзімділік пен құрмет, мемлекет пен дін арақатынасы мәселелері әрқашан өзектілігін жоймақ емес. Өйткені дінаралық мәмілегерлікті сақтау елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылық пен ұлысаралық ынтымақтың, әлеуметтік-экономикалық гүлденудің аса маңызды шарттарының бірі. Сондықтан біз мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың әлеуметтік серіктестік пен рухани келісімге бағытталған оң саясатын қашанда қолдаймыз. Қолдай отырып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұлттық және діни мәдениеттерге деген жағымсыз қатынас пен төзімсіздікке, өшпенділікке, діни негіздегі фанатизм мен экстремизмге қарсы екенін мәлімдеп келді, сол ұстанымында қала берді. Өйткені бұл келеңсіз құбылыстар діннің шынайы рухының өзіне қайшы келеді. Ал діннің атын жамылып жасалған кез келген қаталдықты, лаңкестік оқиғаларды «дінге қарсы жасалған қылмыс» деп санаймын».

Кейде хазіреті Әбсаттар қажының осы лауазымдағы қызметі тұсында ислам атын жамылған дәстүрлі емес ағымдар белең алып кетті, оған қарсы жұмыстар жүргізілмеді деген орынсыз да негізсіз пікірлер айтылып жатады. Мұны Бас мұфтидің жоғарыда келтірілген ұстанымы, сондай-ақ оның «Біз ұстанатын діни жол», «Имам әл-Матуридидің ақидасы: мәні мен маңызы», «Дәстүрлі ислам: ерекшеліктері мен құндылықтары», «Ислам әдептері», «Дін, Отанды сүю және ынтымақ пен бірлік» және т.б. терең әрі көлемді мақалаларында білдірген көзқарастары мен әр алуан деңгейдегі конференциялар мен семинарларда, алқалы жиындарда (көпшілігін өзі ұйымдастыруға атсалысқан) сөйлеген сөздері теріске шығарады.

Діннен алыс, исламнан хабары жоқ шаласауатты зияткерлер мен сарапшылар экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етпеді деп ҚМДБ-ны қазір де кінәлап, тіпті бұл құқықбұзушы құбылыстардың ошағын мешіттен іздеп жатады. Осылайша діни уағыздардағы ерекшеліктерді (діни ағымдар туралы пікір айтудан, қаралаудан, күйе жағудан аулақ болу, дінге жалаң уағызбен емес, көркем мінезбен, терең діни біліммен тарту, лаңкестік туралы көп айтып, қоғамды қоздырғаннан гөрі, көбірек жақсы сөз айту, пайғамбарлар мен сахабалар өмірінен ғибратты әңгімелер айту, жамандықтан жирендіру мен жақсылыққа үйретудің әдейі таңылмаған (дінге тартудағы жаңа діни ағымдар мен секталардың әдіс-тәсілдері сияқты емес) бейтарап әдісі арқылы жүзеге асуы) терең білмеуінің салдарынан исламды саясат ауқымына кіргізуге өздері де үлес қосатынын аңғармайды.

Бір сөзбен айтқанда, Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің жеке көзқарасын да, діни қайраткерлік қызметінде де зайырлы қоғамдағы діннің рухани бейтараптылығын

сақтады, дінді саясиландырудан аулақ болды. Діни бірегейлік пен оны ұстанғанды өзі өмір бойы зерттеп келе жатқан ортағасырлық ойшылдармен қатар, бертіндегі Абай, Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім тәрізді қазақтың діни ойшылдарының ұстанған матуридилік рухты бойына сіңіріп, рухани сабақтастықты жалғастырып, өзінің тұлғалық бітім-болмысы мен кісілік келбетін сақтай білді.

Бүгінгі күні Әбсаттар қажы Дербісәлі жетпіс жасқа толып отыр. Бірменге замандас-әріптес, бірімізге абзал аға әрі ұлағатты ұстаз, жалпымызға рухани парасаты мен адамгершілік мәдениеті мол адам болып келетін мерейтойымызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, түбі қайырлы болатын рухани-шығармашылық жетістіктер тілейміз! Қарымды қаламыңыз мұқалмасын, ыждаһатпен еткен еңбегіңіздің зейнетін көріңіз!